

"Техникалық және кәсіптік білімнің кәсіптік оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгі ережесін бекіту туралы"

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2007 жылғы 29 қарашадағы № 587 бұйрығына толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2010 жылғы 28 қыркүйектегі N 466 Бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2010 жылғы 28 қазандағы Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 6585 болып енгізілді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 15 қаңтардағы № 10 Бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Білім және ғылым министрінің 15.01.2013 № 10 Бұйрығымен.

Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :

1. «Техникалық және кәсіптік білімнің кәсіптік оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгі ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2007 жылғы 29 қарашадағы № 587 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5030 болып тіркелген, Қазақстан Республикасының орталық атқарушы және басқа да орталық мемлекеттік органдарының актілер жинағының 2008 жылғы 27 наурыздағы № 1), мынадай толықтырулар енгізілсін.

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Техникалық және кәсіптік білімнің кәсіптік оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың
ү л г і е р е ж е с і н д е :

1 1 - т а р м а қ т а ғ ы :

екінші абзац жаңа редакцияда жазылсын:

«Оқуға түсушінің тұлғасын куәландыратын құжаттар жеке, ата-аналарымен немесе заңды тұлғалармен ұсынылады.

Шетелдіктер және азаматтығы жоқ адамдар тұратын жерінде тіркелгені туралы белгісі бар Қазақстан Республикасында тұрақты тұруға құқық берілген
қ ұ ж а т т ы ұ с ы н а д ы :

шетелдік - шетелдіктің Қазақстан Республикасында тұруға ықтиярхаты;

азаматтығы жоқ тұлға - азаматтығы жоқ тұлғаның куәлігі;

б о с қ ы н - б о с қ ы н н ы ң к у ә л і г і ;

паналатуды іздеуші тұлға - паналатуды іздеуші тұлғаның куәлігі;

оралман - оралман куәлігі немесе көші-қон карточкасы.

Аталған талаптар Консулдық қатынастар туралы және Дипломатиялық қатынастар туралы Вена конвенциясына сәйкес елшіліктер мен консулдықтардың қызметкерлеріне таратылмайды.

Қазақстан Республикасында уақытша тұратын тұлғалар төлқұжат көшірмесін және көші-қон карточканың көшірмесін көрсетеді.».

2. Техникалық және кәсіптік білім департаменті (Қ.Қ. Бөрібеков) заңнамада белгіленген тәртіпте :

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуі ;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркегеннен кейін оның бұқаралық ақпарат құралдарында ресми жариялануын қамтамасыз етсін .

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау вице-министр Б. Қасымбековке жүктелсін .

4. Осы бұйрық алғаш рет ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Министр

Б. Жұмағұлов